

ЕРТІС

ПАВЛОДАР ОБЛЫСТЫҚ

ҚОҒАМДЫҚ ГАЗЕТ 1999 жылдан бастап шығады

№07 (77). 2008 жыл. 23 қыркүйек

ДИДАРЫ

Елі ардақтаған майдангер ақын

(Қабыл Боранбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай)

«Ақын өлді демендер,
Қалды артында өлеңдер».

Ақын дәуір тынысын, адам өмірінің рухани әлемін ұрпақтар жүрегіне жеткізуші ерекше тұлға. Қабыл ақын да осындай жаратылысы бөлек дарын иесі болғаны белгілі. Туғанына 100 жыл толса да, оның есімі ел жадынан өшкен жоқ. Қайта қаламгер бейнесі бодандық құрсауынан азат болған елімен бірге жаңғырып, қалдырған әдеби мұрасына сұраныс арта түсуде.

Қабыл Боранбайұлы 1915 жылғы шілденің 1 жұлдызында Семипалатинск губерниясы Павлодар уезі Баянауыл ауданы Ақкелін болысының Бірінші ауылында дүниеге келген. Ауылда бастауыш білім алған соң, 1932 жылы комсомолдық жолдамамен Қарағандыға келіп, біраз уақыт шахтада жұмыс істейді. Арманшыл жас 1936-37 жылдары Петропавл педагогикалық техникумына оқуға түседі. Оны бітірісімен, жас маман Қарағандыға оралып, сондағы Киров атындағы орта мектепте ұстаздық жолын бастайды. 1937-43 жылдар аралығында Алматыдағы мұғалімдер Институтын тамамдап, Балқаш қаласындағы орта мектепте мұғалім, Түркістан педагогикалық техникумда директордың орынбасары, Қу ауданында орта мектеп директоры қызметін атқарады.

1943 жылы Қарағанды облысының бұрынғы Ворошилов, қазіргі Бұқар жырау атындағы ауданда оқу бөлімінің инспекторы болып

жүрген кезінде әскерге шақырылып, Отанымызды қорғауға аттанады. Екінші Украина майданы, 57-ші армия, 14-ші атқыштар дивизиясы, 38-ші гвардиялық атқыштар полкінде кіші лейтенант шенінде взвод командирі болады. Днепр, Днестр өзендерін өрлей өтіп, Румыния, Венгрия, Чехословакияны азат ету жорығына қатысады. «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына қатысқаны үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Будапештті азат еткені үшін» атты жауынгерлік медальдармен марапатталады.

Үш жыл бойы қанды қасап – ауыр шайқастарда екі рет өміріне қауіпті жарақат алған жауынгер ақын 1946 жылы елге аман оралып, бейбіт өмірге, еңбекке араласады, ұстаздық шығармашылық жолында елеулі жетістіктерге жетіп, оқу ісінің үздігі атанады.

Соғыстан кейінгі 1946-50 жылдары «Пионер» журналы редакторының орынбасары, 1950-52 жылдарда Алматы қаласындағы №18 орта мектепте мұғалім, 1952-55 жылдары Қарағанды қаласында Радиокomiteттің бас редакторының орынбасары, 1955-56 жылдарда Ворошилов ауданының аудандық білім беру бөлімінің инспекторы болып істейді. 1956 жылдан өмірінің соңына дейін Жаңақала орта мектебінің директоры, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі болып, абырой-беделге ие болады. 1978 жылдың 5 наурызында ақын фаниден бақиға озады.

Қазақ ұлттық поэзиясының өркендеп дамуына Қабеннің қосқан үлесі қомақты

әрі әралуан. Әсіресе, балалар әдебиетінде ақын зөбімен айтқанда: «қалдырған ізі «мәңгілік». Ойымызды ардагер журналист Ертаг Рауандиннің:

Ақын қайда
ақбоз атты кешегі,

Жыр долада жібермеген есені.
Ұрпақтарға мұра болып есімі.

Тарихтардың қойнауына көшеді, - деп келетін өлең жолдары растай түседі. Осы тақырыпта оның әр кезде «Дәурен», «Дос отряд», «Балалар шаттығы», «Тапқыр бала», атты өлең жинақтары жарық көріпті. Ақын балғындарға арнап Некрасов, Маяковский, Исаковский, Симонов, Гафур Гулям, т.б. есімі елге әйгілі ақындардың өлеңдерін, И.Василенконың «Звездочка» повесін қазақ тіліне аударған екен. Десек те, кейінгі 30 жылда оның жас ұрпақа арналған туындылары жарық көрмеді. Соны және қазіргі өскіндердің компьютерден бас алмайтынын ескеріп, оның осы салада жазылған 36 өлеңін мақаламызға қаттап, арнайы жіберіп отырмыз. Олардың балғындардың жүрегіне жылы тиіп, жадында сақтауына жеңіл болып, тілін ұстартуға септігін тиізіріне кәміл семеміз.

**Мұрат Абдрахманов,
ардагер журналист.**

